

Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі ақпарат беру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 қазан 1993 ж. N 999

Пайдалы қазбалар қоры жөнінде ақпарат беруді тәртіпке келтіру мақсатында және Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы кодексінің 57-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жыл сайын 1 қаңтарға дейінгі жағдай бойынша:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша;

Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне, Өнеркәсіп министрлігіне, Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетіне - тиістілігіне қарай пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік баланстарын беріп отырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі